

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Май селолық округі әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы "Май ауданының Май селолық округінде шектеу шараларын енгізумен байланысты ветеринарлық режимді белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Май ауданы Май селолық округі әкімінің 2017 жылғы 15 наурыздағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 наурызда № 5416 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Май ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 3 ұсынысы негізінде, Май ауданы Май селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май ауданы Май селолық округі аумағында ірі-қара мал бруцеллезі ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Май селолық округі әкімінің 2015 жылғы 14 тамыздағы "Май ауданының Май селолық округінде шектеу шараларын енгізумен байланысты ветеринарлық режимді белгілеу туралы" № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 10 қыркүйекте № 4700 тіркелген, аудандық "Шамшырақ" газетінде 2015 жылғы 8 тамызда № 32 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округ әкімі*

*Қ. Оразаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қазақстан Республикасы*

*Ауыл шаруашылық*

*министрлігінің ветеринарлық*

*бақылау және*

*қадағалау Комитетінің*

*Май аудандық*

*аумақтық инспекциясы" мемлекеттік*

*мекемесінің басшысы*

*Н.З. Жұмабаев*

*2017 жылғы "15" наурыз*

*"Май ауданының*

*ветеринария бөлімі" мемлекеттік*

мекемесінің басшысы  
2017 жылғы "15" наурыз

Е.А. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК